

«АБАЙДЫ БІЛМЕК ПАРЫЗ» - 2013

Жоғарғы оқу орындары студенттерінің ғылыми конференциясы

АБАЙ ПОЭЗИЯСЫ ЖӘНЕ АЛАШТЫҚТАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫ

Мөлдір Молдағалиева

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің магистранты

Қазақтың әдеби тілінің, қазақ аударматануының негізін салушылардың бірі – Абай Құнанбайұлының поэзиясы, оның поэтикасы, аудармашылық шеберлігі аясындағы мәселелер Абай ғылыми-зерттеу институтының сайтында жарияланған (<http://abai-inst.kz/>) Ж.Дәдебаев, Ә.Тарақов, Т.Есембеков және т.б.ғалымдар мен профессорлардың мақаларында қарастырылған.

Белгілі алаштанушы Тұрсын Жұртбайдың, «Абайдың поэзиясы арқылы ұлттық идеяға алаштықтар келді», - дегені бар [1]. Жазушы «1904 жылы Абайдың қолжазбасын Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов алдырған. Қолжазба Павлодардың түрмесінде конфискацияға ұшырағанда, Әлихан Бөкейхановтың «басқасын қайтармасаңдар да, Абайдың қолжазбасын қайтарып беріңдер» деген түрмеге жазған хаты бар» деген дерек те келтіреді. Әлихантанушы ғалым Сұлтанхан Аққұлұлының: «Әлихан 1906 жылдың 8-қаңтарында Семейге қайтып келе жатқанында тұтқындалады. Сол кезде Әлекеннің портфелінде Абайдың қолжазбалары болады. Бұл турасында судьяның жазып алған тергеуінде айтылады. «Менің портфелімде Абай шығармаларының қолжазбасы бар. Соны сақтауға тырысыңыздар. Оның құны - 5 мың рубль», - дейді Бөкейханұлы» [2], деп көрсетуі Тұрсын Жұртбайдың жоғарыдағы дерегін қуаттайды.

Қалай болғанда да, Абайдың өмірбаянын жазған, Кәкітайға ақынның өлеңдерін жинастыруға кеңес берген Әлихан Бөкейханов екеніне қазір ешкім шүбә келтірмейді. Ал баспаөз беттерінде Абай туралы алғаш пікір білдіргендердің бірі – Ахмет Байтұрсынов болды. Жалпы, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов бастаған алаш ардақтыларының қай-қайсысы болмасын, Абай поэзиясының өз ойларымен үндес тұстарын жаңаша сипатта дамытуға тырысқан. Тіпті, халық қамы, ұлт келешегі тұрғысындағы ойларына Абайдың ұстанымдарын дінгек етті десе де болады. 1917 жылы Жалпықазақтық I құрылтайда тарих сахнасына шыққан «Алаш» партиясының тұжырымдамасында да ұлы ақынның ойлары тұнып тұр. Партияның тұжырымдамасы 5 бағытты қамтиды:

Бірінші ұстаным: Жер, жер және жер. Қазақтың байырғы жерін қашан қазақтар өз бетінше ғылым мен техникаға сүйеніп толық игерілмейінше, жер жекеменшікке де, қоныстанушыларға да берілмейді.

Екінші ұстаным: Жердің астындағы, үстіндегі, аспанындағы барлық игілік қазақ мемлекетіне қызмет етуі керек.

Үшінші ұстаным: Қазақтың жерінде өндірілген бір уыс жүн сол мемлекеттің азаматтарының үстіне тоқыма болып киілуі керек, яғни толықтай экономикалық тәуелсіздік пен бірлікке қол жеткізуге ұмтылу.

Төртінші ұстаным: Қазақ мемлекетінде мемлекет құрушы ұлттың тіл, дін, діл үстемдігі болуы керек.

Бесінші ұстаным: Түпкі мақсат, тәуелсіз ғылымға, ұлттық салт-дәстүрге негізделген заңға сүйене отырып, Жапонияның үлгісіндегі ұлттық-демократиялық мемлекет құру еді.

Енді осы бағыттарға жеке-жеке тоқталсақ.

Ұлы ақын, «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңінде: «баламды медресеге біл деп бердім, қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім» деу арқылы, білім, ғылымға бет бұрудың заман талабы екендігін меңзейді. Онсыз істің насырға шабарын дөп айтады.

Ақынның: «Өздерінді түзелер дей алмаймын, өз қолыңнан кеткен соң енді ырқың» деген өлең жолдарынан өз жеріңнің астына, үстіне, аспанына иелік ете алмасаң, ырқыңнан айырыласың деген ойын түсінуге болады. Бұл бүгінгі тәуелсіз елімізге, тәуелсіздіктің бағасын түсінуге қарата айтылғандай.

Ал, «Бірлік – ақылға бірлік, малға бірлік емес. Малыңды беріп отырсаң: атасы басқа, діні басқа, күні басқалар да жалданып тірлік қылады. Бірлік сатылса – антұрғандықтың басы осы. Ағайын алмай бірлік қылса керек» дегендегі бірлігі, ол – экономикалық бірлік.

«Бөтен сөзбен былғанса, сөз арасы, ол ақынның білімсіз бейшарасы» екендігін айтқан Абай тіл, дін және діл тазалығына үнемі үндеген. Бұл ретте, мемлекет құрушы ұлттың мүддесі алғашқы орында.

Сондай-ақ, ақынның:

- Нанымы жоқ, анты бар,
Ел нұсқасы кетті ғой,
Елмін деген салты бар,
Әлі күнге уайым

Қылған жан жоқ ұялмай, – деген өлең шумағынан даму жолы түсерде кез келген ел ұлттық негізін, салты мен санасын жоғалтпауы керек деген кеңесін байқарсыз.

Алаш ардақтылары өз шығармаларындағы ұлттық мүдде, ел ертеңі тұрғысындағы ойларында Абайдың көзқарасын, пікірлерін негізге алған. «Алтын хакім Абайға» өлеңінде Мағжан Жұмабаев:

Ай, жыл өтер, дүние көшін тартар,
Өлтіріп талай жанды, жүгін артар.
Көз ашып, жұртың ояу болған сайын
Хакім ата, тыныш бол, қадірің артар!

- деп, ұлы ақынның ізін басқан ұрпағы барын, олардың арасында өзінің де бар екенін ашық айтады.

Ал, Ахмет Байтұрсыновтың:

Қазағым, елім,
Қайқайып белің,
Сынуға тұр таянып.
Талауда малың,
Қамауда жаның,

Аш көзінді оянып! – деген өлең жолдары Абайдың халық қамы, бостандық арманы туралы айтқан ұранды сөздеріне үндес келеді. Өлеңнің пішіні де Абай жырының үлгісінде жасалғандай.

«Зәредей шүбә етпейміз, Абайдың өлген күнінен қанша алыстасақ, рухына сонша жақындармыз»[3] деп, ұлы ақынға деген құрметін білдірген Міржақып Дулатов Абай секілді ұлттың келешегіне налып, халқының санасын азаттық күреске оятуға тырысады.

Көтерген ақ киізге ханың қайда?
Қиғаш қас, бидай өңді ханым қайда?
Түнерген сыртқа айбынды іргең бүтін,
Бір кезде басқа қонған бағың қайда?...

Абай өз халқын өркендеген елдің қатарынан көргісі келді. Сол үшін, өлеңдерімен қараңғы халқын надандықтан арылып, білімге, ғылымға талпынуға шақырды. 20 ғасырдың басында бас көтерген Алаш зиялыларының да діттегені осы еді. Олар халқын отаршыл патша үкіметінің езгісінен құтқарып, тәуелсіз ел іргесін құруды мақсат етті.

Ел бұзылса, табады шайтан өрнек,
Періште төменшіктеп, қайғы жемек.
Өзімнің иттігімнен болды демей,
Жеңді ғой деп шайтанға болар көмек,

– деген Абайдың өлең жолдарынан ақынның елдің береке-бірлігі мен ынтымақтастығы үшін қам жегенін аңғарамыз.

«Абай поэзиясының ренессанстық сипаты» атты мақаласында академик С.Қасқабасов қазақтың ренессансының (қайта өрлеу, жаңғыру) басы Абайдан басталатындығын жазған. Абай поэзиясынан сусындаған Алаш қайраткерлері ақынның ұлы гуманистік аңсарын нағыз ренессанстық деңгейге жеткізген. Сол арқылы елі мен жерінің тәуелсіздігі жолында іздене отырып, бұл күрес жолында Алаш зиялылары өздерін де, өз замандастарын да, өздерінен кейінгілерді де қайраткерлік жағынан, әрі қаламгерлік жағынан дайындап, жетілдірді десе болады.

Осы тұста жазылған өлеңдер мен поэмалар, әңгімелер, алғашқы қазақ романдары Абайдың «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп...» деген ұлы гуманистік ойын жалғастырған, оны жаңа ұлт-азаттық мазмұнмен өрістеткен көркем дүниелер болды. Алаш зиялыларының гуманизмі - олардың қайраткерлік әрекеттерінің де өзегі еді. Мұндай гуманизм болмаса, олар ұлт тағдыры жолындағы жанкештілік әрекеттерге де бармас еді. Алаш қозғалысының қазақтың Жаңғыру дәуірі болғандығын, оның елім деген, жұртым деген азаматтардың басын қосқандығымен де дәлелдеуге болады.

Абай мен Алаш арасындағы рухани үндестіктің де сыры осы болса керек. Бұған көз жеткізуге болатын дәлелдер де жеткілікті.

Қорыта келе, Алаш қайраткерлері ту еткен ұлттық сананы көтеру, одан туындайтын қазақтың тілі мен тарихын, өнері мен мәдениетін қазақ ұрпағының бойына сіңіру сияқты іргелі мәселеде Алаштықтардың ұлттық идеясын қалыптастыруда Абай поэзиясының үлесі сүбелі болды. Алаштықтар көтерген идеяны бүгінгі заманымызбен үндес өміршең көзқарастар жиынтығы ретінде

бағалап, яғни бүгінгі тәуелсіздік мұраттарымен сабақтастыра отыра, өнеге мен ғибрат алғанымыз жөн.

Әдебиет

1. (<http://alashainasy.kz/person/26410/>)
2. «Алматы Ақшамы», №21, 20-ақпан, 2010 жыл
3. Құнанбайұлы А.Шығармалар. – Алматы: «Мөр» МШК, 1994.- 415 б.